

А.М. Ишанова¹, М.Ж. Сатканов², К.У. Темиров²

¹«ҚР Президенті Іс басқармасының медициналық орталығының «Қарлығаш» балабақшасы, Астана, Қазақстан

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: almaym@mail.ru, satkanov.mereke@gmail.com, kuanysh_lion@mail.ru)

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу дағдыларын пластилинография әдісі арқылы дамыту

Аңдатпа. Кез келген бала үшін мектепке дейінгі шақта ең бастысы – толық келісілген мәлімдеме қалыптастыру (сұрақ қою, жауап беруі, түсіндіру, қарсы болу немесе келісу және т.б.), өйткені оның дамуының негіздері осы кезеңде қаланады. Еркін қарым-қатынас – бала өмірінің барлық кезеңінде және одан әрі ересек өмірде қоршаған адамдармен коммуникативтік функциясының ажырамас бөлігі. Осыны негізге ала отырып, жалпы сөйлеу тілі дамымаған және сөйлеу тіл дамуы қалыпты мектеп жасына дейінгі балалардың тіл дамыту мәселесі зерттеудің өзектілігін анықтайды. Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы бар балалардың қол саусақтарының жеткіліксіз үйлестірілуі, ұсақ моторика қалыптасуының ерекшелігі ретінде қабылданады. Зерттеулер мен көптеген сауалнамалар негізінде келесі заңдылық анықталды: егер ұсақ моториканың дамуы артта қалса, онда сөйлеу дамуы да тежеледі, бірақ жалпы моторика қалыпты болуы мүмкін, өйткені қолдың ұсақ моторикасының дамуы, сөйлеу дағдысын дамытады. Пластилинография – балаларды білім беру процесіне баулуға, сөздік қорын арттыруға, сезімдік-эстетиканы және қоршаған ортаны тануына көмектеседі; зейінге, тазалық пен әдемілікке тәрбиелейді, сондай-ақ, ұсақ моториканы дамытудың және қолды жазуға дайындаудың тамаша мүмкіндігі. Зерттеу-бақылау жұмыстары 2018–2019 оқу жылы мен 2019–2020 оқу жылының бастапқы және аралық диагностикасын қамтиды. 2018–2019 оқу жылында пластилинография әдісі вариативтік сабақ ретінде өткізілмеді. 2019–2020 оқу жылында «Мектеп жасына дейінгі жалпы тіл дамуы жетілмеген балалардың шығармашылық қабілетін пластилинография әдісімен дамыту» әдістемелік құралы бойынша екі аптада бір реттен 9 вариативтік сабақ өткізілді. Вариативтік сабақты еңгізу балалардың сөздік қоры мен зейініне пайдалы әсер етті. Балалар мұқият, бақылаушы бола бастады. Ұсақ моторикаға жауап беретін ми орталықтарын ынталандыра отырып, біз сөйлеуге жауап беретін аймақтардың бесенділігін арттырдық.

Түйін сөздер: сөйлеу дағдыларын дамыту, пластилинография, ұсақ моторика.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2023-143-2-137-145>

Кіріспе

Қазіргі кезде, көптеген авторлар мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу дағдысы жетілуінде артта қалу туындағанын айтуда. Балалардың сөйлеу дамуындағы ауытқулар (жалпы сөйлеу тілінің дамымауы) жиі анықталуда және бұл өсу тенденциясына ие [1–4]. Кез келген бала үшін мектепке дейінгі шақта ең бастысы – толық келісілген мәлімдеме қалыптастыру (сұрақ қою, жауап беруі, түсіндіру, қарсы болу немесе келісу және т.б.), өйткені оның дамуының негіздері осы кезеңде қаланады [5]. Сонымен қатар, осы кезеңде көптеген психологиялық процестер, моральдық және адамгершілік қасиеттерінің негізі қалыптасатынын баса айтуға болады [1]. Еркін қарым-қатынас – бала өмірінің барлық кезеңінде және одан әрі ересек өмірде қоршаған адамдармен коммуникативтік

функциясының ажырамас бөлігі. Осыны негізге ала отырып, жалпы сөйлеу тілі дамымаған және сөйлеу тіл дамуы қалыпты мектеп жасына дейінгі балалардың тіл дамыту мәселесі зерттеудің өзектілігін анықтайды.

Есту қабілеті және ақыл-ой өрісі қалыпты балаларда жалпы сөйлеу тілінің дамымауы, (ЖСТД) фонетикофонематикалық және лексика-грамматикалық жүйелерді қамтитын бұзушылық [6]. ЖСТД бар балалардың қол саусақтарының жеткіліксіз үйлестірілуі, ұсақ моторика қалыптасуының ерекшелігі ретінде қабылданады [7]. КСРО Педагогикалық ғылымдар академиясының Балалар мен жасөспірімдер физиологиясы ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары сөйлеуді қалыптастыру саусақтардан қолға, одан әрі миға дейін берілетін қозғалыс (кинетикалық) импульстерінің әсерінен жүзеге асырылатынын ХХ ғасырда анықтаған [8]. Көптеген ғалымдардың (Т.А. Ткаченко, Т.Н. Андриевская, Г.В. Беззубцева, Л. Вантакова-Фомина және басқалардың) жұмыстарымен қозғалыс импульстерін, яғни ұсақ моториканы дамыту бойынша жүйелі және мақсатты жұмыс – балалардың сөйлеу дағдысының жетілуінде біртұтас жұмыс жүргізуге көмектесетіні дәлелденді [9].

Ұсақ моторика – бұл жүйке, бұлшық ет және сүйек сияқты маңызды жүйелердің ұйымдастырылған әрекеттері нәтижесінде қол және аяқ саусақтарымен шағын және нақты қозғалыс жасау қабілеті [10]. Ұсақ моторика саласы қарапайым қимылдардан бастап (мысалы, ойыншықты ұстау) аса күрделі қозғалыстарға дейін (мысалы, жазу мен сурет салу) сан алуан қозғалыстарды қамтиды [11]. Саусақ қозғалысының дамуы сөйлеу функциясымен тығыз байланысты [8-11]. Ұсақ моторика баланың дамуындағы барлық дерлік принципті процестерге әсер етеді: сөйлеу мүмкіндіктері, назар аудару, ойлау, кеңістіктегі үйлестіру, бақылаушылық, жады (көру және қозғалу), зейіні және қиялдау [12]. Зерттеулер мен көптеген сауалнамалар негізінде келесі заңдылық анықталды: егер ұсақ моториканың дамуы артта қалса, онда сөйлеу дамуы да тежеледі, бірақ жалпы моторика қалыпты болуы мүмкін, өйткені қолдың ұсақ моторикасының дамуы, сөйлеу дағдысын жетілдіреді [9, 13]. Осы мүмкіндіктерге жауап беретін ми орталықтары нақты саусақтармен және олардың жүйке ұштарымен байланысты [9].

Пластилинография – балаларды білім беру процесіне баулуға, сөздік қорын арттыруға, сезімдік-эстетиканы және қоршаған ортаны тануына көмектеседі; зейінге, тазалық пен әдемілікке тәрбиелейді, сондай-ақ, ұсақ моториканы дамытудың және қолды жазуға дайындаудың тамаша мүмкіндігі [14]. Пластилинография ұғымының екі түбірі бар: «графия» - жасау, бейнелеу, ал сөздің алғашқы бөлігі «пластлин» ойлаған затыңды жасау үшін арналған материал [12]. Бұл техниканың негізгі қағидасы жазық бетте бейнеленген көбірек немесе азырақ домалақ, сопақша және дөңестеу көлемдегі ермексазбен суретті салу болып табылады [15]. Бейнелеу өнерін меңгеруден басқа, балалар табиғат туралы түсініктерді, түсті, пішіні мен өлшеміндегі сенсорлық эталондарды, сөйлеу қабілетін дамытады [9, 12, 14, 16].

Зерттеу әдістері

Зерттеу-бақылау жұмыстары «Мектепке дейінгі оқыту – тәрбиелеу орталығы «Алпамыс» (Нұр-Сұлтан, Қазақстан) ересек тобында (4-5 жастағы балалар) жүргізілді. 2018–2019 оқу жылы мен 2019–2020 оқу жылының бастапқы және аралық диагностикасын қамтиды. Бастапқы және аралық диагностика «Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» сәйкес жасалынды [17, 18].

Сөйлеу дамуында ауытқуы бар балаларды зерттеу-бақылау жұмыстары тұқым қуалаушылық, жүктілік, босану, дене бітімі және ақыл-ой дамуы туралы анамнестикалық ақпаратты зерттеу (баланың амбулаториялық картасы, ата-анамен диалог әдісі бойынша) әдістерін қолдану арқылы іске асырылды [19]. Қорытындыны логопед-маман жасады.

2018–2019 оқу жылында пластилинография әдісі вариативтік сабақ ретінде өткізілмеді. 2019–2020 оқу жылында «Мектеп жасына дейінгі жалпы тіл дамыту жетілмеген балалардың

шығармашылық қабілетін пластилинография әдісімен дамыту» әдістемелік құралы бойынша екі аптада бір реттен 9 вариативтік сабақ өткізілді [14]. Пластилинография әдісі арқылы ермексазды домалатып, езіп жағу, есу арқылы жасап, әр түрлі суреттер салынды (сурет 1).

Жүргізілген зерттеу-бақылау жұмыстары нәтижесі 2018–2019 және 2019–2020 оқу жылының бастапқы және аралық диагностикасы арқылы талданды.



Сурет 1. а, б - пластилинография әдісінде мүсіндеу процесі

Нәтижелер және оны талқылау

2018–2019 (бұдан әрі, бірінші жыл) және 2019–2020 (бұдан әрі, екінші жыл) оқу жылының ересек тобында балаларды тәрбиелеу мен оқыту «Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» бойынша жүзеге асырылады. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің жалпы көлемі бірінші жылы 19 бала, екінші жылы 20 бала. Бес білім беру саласы бойынша талдау жұмысы атқарылды (мақалада тек «тіл дамыту» саласы ескерілуде). Оқу жылының басы, қыркүйек айында – бастапқы диагностика (кесте 1), және оқу жылының ортасы, қаңтар айында – аралық диагностика (кесте 2) балалардың білім алу кезіндегі прогрессты анықтауға қолданылды.

Тіл дамыту бойынша бағдарламаның базалық мазмұнын меңгеруі мен даму деңгейін айқындайтын зерттеу үш бағыт бойынша (тілдің дыбыстық мәдениеті, сөздік қоры, сөйлем құрау деңгейі) жүргізіледі, балдық жүйемен анықталады:

- Қолданады: 3 балл – бала эмоциональды белсенді, әңгімеге тез енеді, берілген сұрақтарға әңгіменің мазмұны бойынша тез жауап береді. Өзі білетін ертегіні жақсы айтады, оның мазмұнын түсінеді. Өлең-тақпақтарды мәнерлеп оқиды. Ертегі кейіпкерлерін толық сипаттай алады, сөздерін байланыстыра алады.

- Түсінеді: 2 балл – бала көркем шығарма туралы әңгімеге араласады, бірақ зейінділігі төмен. Ертегіні үлкендердің берген сұрақтарына жауап беру арқылы ғана айта алады. Ертегінің мазмұнын түсінеді, бірақ болған оқиғаны үлкендердің көмегімен байланыстырады. Ертегі кейіпкерлерін сипаттауға, сырт белгілерін толық айтуға қиналады.

• Жаңғыртады: 1 балл – дыбыстарды атау барысында дауыссыз дыбыстар мен дауысты дыбыстар туралы түсінігі жақсы қалыптаспаған. Заттарды сипаттау барысында аз сөзбен жеткізеді, сөздік қоры жақсы дамымаған, жұмбақтар шешуге, өлеңдерді оқуға зейінсіз.

Кесте 1

Бірінші және екінші жылғы бастапқы диагностика

Деңгейі	2018–2019 оқу жылы		2019–2020 оқу жылы	
	Бала саны	Деңгей көрсеткіші (%)	Бала саны	Деңгей көрсеткіші (%)
Төмен	7 бала	36,9%	6 бала	30%
Орташа	12 бала	63,1%	14 бала	70%
Жоғары	0 бала	0%	0 бала	0%

2018–2019 оқу жылының бастапқы диагностикасы (қыркүйек айы) мәліметтеріне сәйкес төмен деңгейлі 7 бала (36,9%), және төмен деңгейлі 12 бала (63,1%) анықталады. 2019–2020 оқу жылында төмен деңгейлі 6 бала (30%), және төмен деңгейлі 12 бала (70%) анықталады. Тіл дамыту саласы бойынша жоғары деңгейлі бала болмады.


Кесте 2

Бірінші және екінші жылғы аралық диагностика

Деңгейі	2018–2019 оқу жылы		2019–2020 оқу жылы	
	Бала саны	Деңгей көрсеткіші (%)	Бала саны	Деңгей көрсеткіші (%)
Төмен	4 бала	21%	2 бала	10%
Орташа	11 бала	58%	10 бала	50%
Жоғары	4 бала	21%	8 бала	40%

2018–2019 оқу жылының аралық диагностика (қаңтар айы) мәліметтеріне сәйкес төмен деңгейлі 4 бала (21%), орта деңгейлі 11 бала (58%), жоғары деңгейлі 4 бала (21%) анықталады. 2019–2020 оқу жылында төмен деңгейлі 2 бала (10%), орта деңгейлі 10 бала (50%) жоғары деңгейлі 8 бала (40%) анықталады.

Жоғарыда көрсетілген екі оқу жылының мәліметтеріне сүйене отырып тіл дамыту бойынша 2019–2020 оқу жылында білім алған балалардың сөйлеу дағдысының ілгерілегенін көруге болады (диаграмма 1). Салыстырмалы түрде бірінші жылы қыркүйек пен қаңтар айлары аралығында төмен деңгейлі балалардың саны 15,9% азайып топтағы балалардың 21% құраса, екінші жылы 20% азайды және топтағы балалардың 10% сәйкес келді. Екінші жылы жоғарғы деңгейлі балалардың пайыздық мөлшері 40% өсті, ал бірінші жылы 21% көрсеткен.



Диagramма 1. Бірінші және екінші жылғы бастапқы және аралық диагностика

Зерттеу-бақылау жұмысы барысында логопед-маманмен бірге жұмыстар атқарылды. 2018–2019 оқу жылында сөйлеу дамуындағы ауытқулары бар балалар анықталмады. 2019–2020 оқу жылы талдау нәтижесінде жалпы сөйлеу тілінің дамымауы бар бір бала анықталды.

Талдау барысында ата-анамен диалог әдісі бойынша тұқым қуалаушылығы, жүктілік барысы, босану уақытысындағы ақпарат және баланың амбулаториялық картасынан дене бітімі және ақыл-ой дамуы туралы анамнестикалық ақпараттар жиналды. Босануы жоспарлы, патологиясыз өткен. Сөйлеу дамуында билингвизм әсерінен кешігуі бар. Интелекті, есту, көру қабілеті қалыптасты. Артикуляциялық аппараттың анатомиялық құрылысын зерттеу барысында келесі мәліметтер жиналды: еріндері қалың, тістері қисық, кейбір тістердің болмауы, прогнатты тістеу, қатты таңдайы биік, жұмсақ таңдай ерекшеліксіз, тілі ауқымды. Сондай ақ, артикуляциялық моторикасы баяу, дәл емес қозғалыстарға ие және тонусы енжар. Қол саусақтарының жеткіліксіз үйлестірілуі анықталды. Логопед-маман балада ІІІ дәрежелі жалпы сөйлеу тілінің дамымауы деген қорытынды жасады.

Логопедиялық жұмыс келесі бағыттарда жүргізілді: а) ауыз қуысының артикуляциясын нығайтуға артикуляциялық гимнастика жүргізу; ә) дыбыстарды қою; б) байланысқан сөйлеуді дамыту; в) пластилинография арқылы ұсақ моториканы дамыту үшін жаттығу жүргізу; г) дыбыстарды қою кезінде пластилинография әдісін қолдану (қағазға алдын ала нобайы салынған әріптерді домалақ, сопақша және дөңестеу көлемдегі ермексазбен толтыру, жағып жазу); пластилинография арқылы сөздік қорды дамыту.

Жұмыс барысында С, С', З, З', Ц дыбыстары қойылды. Сөздік қоры байытылды. Сөз айналасындағы адамдар үшін түсініктірек бола бастады. Ұсақ моторикасы және артикуляциялық аппараттың жағдайы жақсартылды. Оң динамика көрсетілді.

Қорытынды

Балалармен сабақтарда қолдың ұсақ моторикасын дамыту бойынша белсенді жұмыстар жүргізілді, атап айтқанда, ермексазды домалатып, езіп жағу, есу арқылы әр түрлі суреттерді салу, көлемді фигураларды жасау, қағазға алдын ала нобайы салынған

әріптерді домалақ, сопақша және дөңестеу көлемдегі ермексазбен толтыру, жағып жазу сияқты жұмыс жүргізілді. Сабақта балалар жануарлардың түрлі мүсіндерін салды, оларды ермексазбен суреттеді, түрлі сюжеттік ойындарды ойнады, бұл олардың сөздік қоры мен зейініне пайдалы әсер етті. Балалар мұқият, бақылаушы бола бастады. Ұсақ моторикаға жауап беретін ми орталықтарымен, сөйлеуге жауап беретін аймақтар өте жақын орналасқандықтан, ұсақ моторикаға жауап беретін ми орталықтарын ынталандыра отырып, біз сөйлеуге жауап беретін аймақтардың белсенділігін арттырдық.

Жұмысбарысында біз жақсы жағымды сөз динамикасын көрдік. Пластилинографияның әдісі өзін оң көрсетті және одан әрі жұмыс істеуде де қолданылатын болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Багманова К.И. Исследование связной монологической речи у детей старшего дошкольного возраста с ОНР III уровня // Актуальные проблемы специальной психологии и коррекционной педагогики: исследования и практика. – Казань, Россия, 2013. – С. 9-12.
2. Баранова Л.В. Особенности формирования навыков словообразования у дошкольников с общим недоразвитием речи III уровня // Актуальные проблемы специальной психологии и коррекционной педагогики: исследования и практика. – Казань, Россия, 2013. – С. 12-14.
3. Бачинина О.С. Особенности связного устного высказывания у младших школьников с общим недоразвитием речи третьего уровня // Актуальные проблемы специальной психологии и коррекционной педагогики: исследования и практика. – Казань, Россия, 2013. – С. 14-15.
4. Габидуллина Л.И. Особенности эмоционально-волевой сферы детей с нарушением речи // Актуальные проблемы специальной психологии и коррекционной педагогики: исследования и практика. – Казань, Россия, 2013. – С. 27-29.
5. Сатова А.К., Айдарбаева Д.Р. Мектепке дейінгі жастағы жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың диалогтық сөйлеу тілін дамытуда театрландырылған ойындарды қолдану жолдары // Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Специальная педагогика». – 2019. – Т. 59. – №4. – С. 70-75.
6. Филичева Т.Б., Чиркина Г.В. Коррекция нарушений речи. Программы дошкольных образовательных учреждений компенсирующего вида для детей с нарушениями речи. – Москва: Просвещение, 2008. – 272 с.
7. Левина Р. Е., Основы теории и практики логопедии. – Москва, 2009. – 365 с.
8. Земляченко М.В., Кутергина Т.В., Кузнецова Т.Д. Формирование мелкой моторики и развитие речи дошкольников // Проблемы и перспективы развития образования: материалы V междунар. науч. конф. – Пермь, Россия, 2014. – С. 169-172.
9. Ишанова А.М., Малдыбаева В.А., Сатканов М.Ж. Формирование речи у детей дошкольного возраста через художественный метод «пластилинография» // Инновационные процессы в научной среде: материалы международной научно-практической конференции. – Прага, Чехия, 2021. – С. 161-165.
10. Вавилова А.В. Развитие мелкой моторики как средство улучшения речи // Молодой ученый. – 2014. – Т. 64. – № 5. – С. 495-497.
11. Улатова Т.А. Роль мелкой моторики в речевом развитии ребенка // Молодой ученый. – 2017. – Т. 176. – № 42. – С. 180-183.
12. Ишанова А.М. Мектеп жасына дейінгі балаларды пластилинография әдісіне үйрету әдістемесі // Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал «Қазақстан кәсіпкері». – 2014. – №1. – Б. 12-16.
13. Коноваленко В.В. Артикуляционная, пальчиковая гимнастики и дыхательно-голосовые упражнения. – Москва: Гном, 2005. – 16 с.
14. Омар Б.С., Ишанова А.М. Мектеп жасына дейінгі жалпы тіл дамыту жетілмеген балалардың шығармашылық қабілетін пластилинография әдісімен дамыту. – Карағанды: Капиталь ИД- 2013. – 98 б.
15. Давыдова Г.Н. Пластилинография в детском саду. – Москва: Скрипторий, 2009. – 96 с.
16. Самиголлаулы А. Ермексаз ермек емес // Мәдениет және Тұрмыс. – 2012. – №8. – С. 15.
17. Қазақстан республикасы білім және ғылым министрлігі. Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын [Электронды ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800018152#z3> (өтініш берілген күн: 20.09.2021).

18. Қазақстан республикасы білім және ғылым министрлігі. Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын [Электронды ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021290#z3> (өтініш берілген күн: 20.09.2021).

19. Омирбекова К.К., Тулебаева Г.Н., Коржонва Г.М., Оразаева Г.С. Логопедия негіздері. – Алматы: Нур-Принт, 2014. – 62 б.

А.М. Ишанова¹, М.Ж. Сатканов², К.У. Темиров²

¹РГП «Детский сад «Карлыгаш» Медицинского центра Управления Делами Президента Республики Казахстан, Астана, Казахстан

²Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Развитие речевых навыков детей дошкольного возраста методом пластилинографии

Аннотация. Важнейшим для любого ребенка в дошкольный период является формирование вполне связного высказывания (задавать вопросы, отвечать, объяснять, возражать или соглашаться и т. д.), ведь именно в этот период закладываются основы его развития. Свободное общение является неотъемлемой частью коммуникативной функции ребенка с окружающими его людьми во все периоды его жизни и далее во взрослую жизнь. Исходя из этого, проблема языкового развития в целом детей дошкольного возраста с нормальным речевым развитием и общим недоразвитием речи определяет актуальность исследования. Недостаточная координация пальцев рук детей с общим недоразвитием речи рассматривается как особенность развития мелкой моторики. На основании исследований и многочисленных опросов определена следующая закономерность: если развитие мелкой моторики задерживается, то и развитие речи тормозится, но общая моторика может быть в норме, так как развитие мелкой моторики рук развивает речевое развитие. Пластилинография помогает вовлечь детей в учебный процесс, увеличить словарный запас, познать сенсорно-эстетическое и окружающее; воспитывает внимание, чистоту и красоту, а также отличная возможность развить мелкую моторику и подготовить руку к письму. Научно-исследовательская и мониторинговая работа включает начальную и промежуточную диагностику 2018-2019 учебного года и 2019-2020 учебного года. В 2018-2019 учебном году пластилиновый метод как вариант урока не проводился. В 2019-2020 учебном году проведено 9 вариативных занятий один раз в две недели по методическому пособию «Мектеп жасына дейінгі жалпы тіл дамуы жетілмеген балалардың шығармашылық қабілетін пластилинография әдісімен дамыту». Включение вариативного занятия благотворно сказалось на словарном запасе и внимании детей. Дети стали внимательными и наблюдательными. Стимулируя центры мозга, отвечающие за мелкую моторику, мы увеличили активность зон, отвечающих за речь.

Ключевые слова: развитие речевых навыков, развитие речи, пластилинография, мелкая моторика, вариативные занятия.

A.M. Ishanova¹, M.Zh. Satkanov², K.U. Temirov²

¹ Republican State Enterprise “Karlygash Kindergarten” of the Medical Center of the President’s Affairs Administration of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan

²L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Development of speech skills of preschool children by the method of plasticineography

Abstract. The most important thing for any child in the preschool period is the formation of a completely coherent statement (ask questions, answer, explain, object or agree, etc.) because it is during this period that the foundations of his development are laid. Free communication is an integral part of the communicative function of the child with the people around him at all periods of his life and further into adulthood. Based on this, the problem of language development in general of preschool children with normal speech development and general underdevelopment of speech determines the relevance of the study. Insufficient coordination of the fingers of children with general speech underdevelopment is considered a feature of developing fine motor skills. Based on research and numerous surveys, the following

pattern has been determined: if the development of fine motor skills is delayed, then the development of speech is inhibited, but general motor skills may be expected since the development of fine motor skills of the hands develops speech development. Plasticineography – helps to involve children in the educational process, increase vocabulary, learn sensory-aesthetic and the environment; educates attention, cleanliness and beauty, as well as a great opportunity to develop fine motor skills and prepare your hand for writing. Research and monitoring work include initial and intermediate diagnostics for the 2018-2019 academic year and the 2019-2020 academic year. In the 2018-2019 academic year, the plasticine method was not conducted as a lesson option. In the 2019-2020 academic year, 9 variable classes were held once every two weeks according to the methodological manual “Mektep zhasyna deyingi zhalpy til damuy zhetilmegen balalardyn shygarmashylyk kabiletin plasticineography adisimen damytu”. The inclusion of a variable lesson had a beneficial effect on the vocabulary and attention of children. Children have become attentive and observant. By stimulating the centres of the brain responsible for fine motor skills, we increased the activity of the areas responsible for speech.

Keywords: development of speech skills, development of speech, plasticineography, fine motor skills, variable activities.

References

1. Bagmanova K.I. Issledovanie svyaznoj monologicheskoy rechi u detej starshego doshkol'nogo vozrasta s ONR III urovnya [Study of coherent monologue speech in children of senior preschool age with general speech underdevelopment of the III level], Aktual'nye problemy special'noj psihologii i korrekcionnoj pedagogiki: issledovaniya i praktika [Actual problems of special psychology and correctional pedagogy: research and practice], Kazan', Rossiya, [Kazan, Russia], 9-12 (2013). [in Russian]
2. Baranova L.V. Osobennosti formirovaniya navykov slovoobrazovaniya u doshkol'nikov s obshchim nedorazvitiem rechi III urovnya [Features of word-formation skills in preschoolers with general speech underdevelopment of the III level], Aktual'nye problemy special'noj psihologii i korrekcionnoj pedagogiki: issledovaniya i praktika [Actual problems of special psychology and correctional pedagogy: research and practice], Kazan', Rossiya, [Kazan, Russia], 12-14 (2013). [in Russian]
3. Bachinina O.S. Osobennosti svyaznogo ustnogo vyskazyvaniya u mladshih shkol'nikov s obshchim nedorazvitiem rechi tret'ego urovnya [Peculiarities of coherent oral utterance in junior schoolchildren with general speech underdevelopment of the third level], Aktual'nye problemy special'noj psihologii i korrekcionnoj pedagogiki: issledovaniya i praktika [Actual problems of special psychology and correctional pedagogy: research and practice], Kazan', Rossiya, [Kazan, Russia], 14-15 (2013). [in Russian]
4. Gabidullina L.I. Osobennosti emocional'no-volevoj sfery detej s narusheniem rechi [Features of the emotional-volitional sphere of children with speech impairment], Aktual'nye problemy special'noj psihologii i korrekcionnoj pedagogiki: issledovaniya i praktika [Actual problems of special psychology and correctional pedagogy: research and practice], Kazan', Rossiya, [Kazan, Russia], 27-29 (2013). [in Russian]
5. Satova A.K., Ajarbaeva D.R. Mektepke deyingi jastaǵy jalpy sóleý tili damymaǵan balalardyń dialogtyq sóleý tilin damytýda teatrlandyrylǵan oıyndardy qoldany joldary [Ways of using theatrical games in the development of dialogical speech language of preschool children whose general speech language is not developed], Vestnik KazNPU im. Abaya, seriya «Special'naya pedagogika» [Bulletin of KazNPU named after. Abai, series “Special Pedagogy”], 4(59), 70-75 (2019). [in Kazakh]
6. Filicheva T.B., Chirkina G.V. Korrekciya narushenij rechi. Programmy doshkol'nyh obrazovatel'nyh uchrezhdenij kompensiruyushchego vida dlya detej s narusheniyami rechi [Correction of speech disorders. Programs of preschool educational institutions of a compensatory type for children with speech disorders] (Education, Moscow, 2008. 272 p.) [in Russian].
7. Levina R.E. Osnovy teorii i praktiki logopedii [Fundamentals of the theory and practice of speech therapy] (Alliance, Moscow, 2009. 365 p.) [in Russian].
8. Zemlyachenko M.V., Kutergina T.V., Kuznetsova T.D. Formirovanie melkoj motoriki i razvitie rechi doshkol'nikov [The formation of fine motor skills and the development of speech of preschoolers], Problemy i perspektivy razvitiya obrazovaniya: materialy V Mezhdunarodnaya nauchnaya konferenciya [Problems and Prospects for the Development of Education: Proceedings of the V International Scientific Conference], Perm', Rossiya [Perm, Russia], 169-172 (2014). [in Russian]
9. Ishanova A.M., Maldybaeva V.A., Satkanov M.Zh. Formirovanie rechi u detej doshkol'nogo vozrasta cherez hudozhestvennyj metod «plastilinoografiya» [Formation of speech in preschool children

through the artistic method of plasticineography], Innovacionnye processy v nauchnoj srede: Materialy Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii [Innovative processes in the scientific environment: Proceedings of the International Scientific and Practical Conference], Praga, Chexkiya [Prague, Czech Republic], 161-165 (2021). [in Russian]

10. Vavilova A.V. Razvitiye melkoj motoriki kak sredstvo uluchsheniya rechi [The development of fine motor skills as a means of improving speech], Molodoj uchenyj [Young scientist], 5(64), 495-497 (2014). [in Russian]

11. Ulatova T.A. Rol' melkoj motoriki v rechevom razvitii rebenka [The role of fine motor skills in the speech development of the child], Molodoj uchenyj [Young scientist], 42(176), 180-183 (2017). [in Russian]

12. Ishanova A.M. Mektep jasyna deingi balalardy plastilnografua ádisine úretý ádistemesi [Methodology of teaching preschool children to plasticineography method], Respýblikalyq ғылыми-ádistemelik jýrnal «Qazaqstan kásipkeri» [Republican scientific and methodical journal *Businessman of Kazakhstan*], 1, 12-16 (2014). [in Kazakh]

13. Konovalenko V.V. Artikulyacionnaya, pa'chikovaya gimnastiki i dyhatel'no-golosovye uprazhneniya [Articulation, finger gymnastics and breathing-voice exercises] (Gnome, Moscow, 2005. 16 p.) [in Russian].

14. Omar B.S., Ishanova A.M. Mektep jasyna deingi jalpy til damytý jetilmegen balalardy shyǵarmashylyq qabiletin plastilnografua ádisimen damytý [Development of creative ability of children with incomplete general language development before school age using the plasticineography method]. (Capital ID, Karagandy, 2013. 98 p.) [In Kazakh].

15. Davydova G.N. Plastilnografiya - 2 [Plasticineography – 2] (Scriptorium 2003, Moscow, 2015. 96 p.) [in Russian].

16. Samigollauly A. Yermeksaz yermek yemes [Plasticine not just for fun], Newspaper « Mádeniet jáne Turmys [Culture and Life]», 8, 15 (2012). [in Kazakh]

17. Qazaqstan respublikasy bilim zhane gylym ministrliqi. Qazaqstan Respublikasy mektepke deingi tarbie men okytudyn ulgili oku bagdarlamasy [Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan. Model curriculum of preschool education and training of the Republic of Kazakhstan]. [Electronic resource] – Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800018152#z3> (Accessed: 20.09.2021). [in Kazakh]

18. Kazakstan respublikasy bilim zhane gylym ministrliqi. Qazaqstan Respublikasy mektepke deingi tarbie men okytudyn ulgili oqu bagdarlamasy [Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan. Model curriculum of preschool education and training of the Republic of Kazakhstan]. [Electronic resource] – Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021290#z3> (Accessed: 20.09.2021). [in Kazakh]

19. Omirbekova K.K., Tulebayeva G.N., Korzhonva G.M., Orazaeva G.S. Logopedua negizderi [Basics of speech therapy] (Nur-Print, Almaty, 62 p.). [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Ишанова А.М. – педагог-логопед, қосымша білім беру педагогы, арнайы (дефектологиялық) білім бакалавры, Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының медициналық орталығының «Қарлығаш» балабақшасы РМК педагог-логопеді, Жауқазын көш., 6, Астана, Қазақстан.

Сатканов М.Ж. – ғылыми қызметкер, молекулалық биотехнология және биомедицина магистрі. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті ғылыми қызметкері, Қажымұқан көш., 13, Астана, Қазақстан.

Темиров К.У. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент м.а. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті доцент м.а. А. Янушкевич көш., 6, Астана, Қазақстан.

Ishanova A.M. – Teacher of Additional Education, Speech therapist of the Republican State Enterprise “Karlygash Kindergarten” of the Medical Center of the President’s Affairs Administration of the Republic of Kazakhstan, 6 Zhaukazyn St., Astana, Kazakhstan.

Satkanov M.Zh. – Researcher, Master of Molecular Biotechnology and Biomedicine, Researcher, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 13 Kazhymukan St., Astana, Kazakhstan.

Temirov K.U. – Candidate of Pedagogical Sciences, Acting Assistant Professor. Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 6 A. Yanushkevich St., Astana, Kazakhstan.